

Тақырыбы:

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ БИ
ЭЛЕМЕНТТЕРІН СЕРГІТУ СӘТІНЕ ҚОЛДАНУ



Орындаушы: Бауыржан Айлина Амангельдықызы

Сыныбы: 4 «Ғ»

Жетекшісі: Бастауыш сынып мұғалімі Кәмпит Елдана Сәнімқызы

Мазмұны :

I. Кіріспе

Би – адамзат өміріндегі ең алғаш пайда болған көркемөнер түрлерінің бірі. Ол адамның көңіл-күй өзгерісін ишаралайтын жалаң қимылдардан біртіндеп дамып, белгілі бір қоғамдық ойды, уақиғаны ұлттық психологиялық жүйені би тілімен суреттеп беретін дара өнер түріне айналды.



II. Негізгі бөлім

1 Қазақ биінің даму жолдары

1.1 Қазақ биінің пайда болуына қатысты деректі негіздер

1.2 XX ғасырда сахна төріндегі қазақ биі




III. Зерттеу бөлімі

2. Қазақ биінің ерекшеліктері

2.1 Қазақ биінің дамуына ықпал еткен өнер қайраткерлері

2.2 Қазақ би қимылының сыры



Мақсаты

Қазақ биінің тарихи ерекшелігі мен салыстырмалы айырмашылықтарына талдау жасау, қазақ биінің қазіргі даму жағдайын, алған бет алысын жете тануға қол жеткізу және бастауыш сынып оқушыларына ұлттық би элементтерін сергіту сәтіне қолдану арқылы ұлттық өнерімізді дәріптеу.

Міндеттері:

- Қазақ биінің тарихи негізін және ерекшеліктерін анықтау;
Қазақ биінің тарихи ерекшелігіне байланысты салыстырмалы өзгешеліктерін айқындап ашып беру.
Бастауыш сынып оқушыларына қазақ ұлттық би элементтерін сергіту сәтіне қолдану, ұлттық өнерді дәріптеу.

Жұмыстың кезеңдері:


жұмыс кіріспе, екі тараудан және қорытындыдан тұрады. Қолданылған әдебиеттер тізімі және қосымшалар жұмыстың соңында берілген.

Би – адамзат өміріндегі ең алғаш пайда болған көркемөнер түрлерінің бірі. Ол адамның көңіл-күй өзгерісін ишаралайтын жалаң қимылдардан біртіндеп дамып, белгілі бір қоғамдық ойды, уақиғаны ұлттық психологиялық жүйені би тілімен суреттеп беретін дара өнер түріне айналды.

Қазақтың би өнері туралы ұлы жазушы Мұхтар Әуезов:
«Біздің қазақ халқы дарынды, өнерпаз халық, ән, күй деген мұрамызда шек жоқ. Ал бұл қазақ халқында биден қалған мұра өте аз.



Кезінде қылқалам шебері Әбілхан Қастеевтен сурет өнерін қалай үйренгенін сұрағанда: «Ешкінің мүйізінен, әжемнің киізінен, қойдың құлағынан, таудың бұлағынан» - деп жауап беріпті.




Адам өзі өмір сүріп отырған ортасының жұмбағын, табиғатын, қоғам өміріндегі тіршілігінің мақсатын, шындығы мен қайшылығын ой-сана қуатымен, әртүрлі ғылыми әдіспен зерттеп білсе, енді бірде халықпен бірге жасасып келе жатқан ұлттық рухани мұрамыздың бастауы жыр-дастан, аңыздар арқылы танып біледі.

Әр ұлттың өз ана тілі болса, ал дүние жүзі халықтарына ортақ бір тіл бар; ол іс-әрекет, қозғалыс тілі. Осы тілге жататын би өнері адамзаттың дүние танымындағы ең алғашқысы. Алғашқы қауымдастықтағы адамдардың кәсіптеріне би-қимыл өнері негізделген. Олар өздерінің тіршілігіне қажетті әрекеттерін үндескен қимыл қозғалыстың бірлігі арқылы атқарған. Қандай да болмасын еңбек түрлерінде ырғақ бары белгілі. Сондықтан, ырғақпен үндестік тапқан әртүрлі дене қозғалыстарынан би туындады.



Мысалы, Құрманғазының «Балбырауын» күйін алайық. Мұнда ол «Балбырауын» күйін би ырғағы етіп шығарған сияқты. Күйдің басынан аяғына дейінгі қуанышты, көтеріңкі ырғақтар арқылы ауыл жастарының той-думаны көз алдына елестейді. Ал, Тәттімбеттің «Былқылдақ» күйінен де ырғағы жігерлі би музыкасының қимыл-қозғалыстарын көргендей боламыз. «Мерген», «Қара жорға», «Ор теке» және тағы басқа күйлердің мазмұны да, саз немесе әуен ырғағы да биге арналып жазылған дегенге дау тудырмайтындығы анық.



Шара сияқты шебер, дарынды адамдар қазақ биінің дамып, халықтық өнерге айналуына кеңінен ат салысып, орасан зор еңбек сіңірген. Сондықтан да қазақ биінің тарихын айтса, Шараны ең алдымен атау заңды да.



Шара Жиенқұлова қазақ өнері аспанының жарқырап өткен жарық жұлдызы. Ол қазақ биінің құдыретін әлемге танытты. Көптеген халықтардың билерін өзі билеп, зерттеп өтті. Қазақ биін халық арасынан тірнектеп жинастырып сахна төрінің сәніне айналдырып, оны қағаз бетіне түсірді. Би туралы зерттеу ойларын жазды. Шара апайымыз қазақ биінің өткен тарихында бұрын-соңды болмаған аса дарынды, қажыр қайраты мол өнер серкесі. Ол қазақ халқының көкейінде мәңгі жасай береді.

Қазақ биі – бишінің қозғалысы мен дене қимылы арқылы көркем образды бейнелейтін, ұлттық сахна өнері. Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқан, халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс- салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы болып табылады

Қазақ биі үстінде қолды қалай ұстаудың негізгі алты түрі (қалыптары) бар:



“Сәлем” деп аталады. Екі қолын алға созып, саусақ бастарын жоғары қаратады, алақаны ашық, шынтағы сәл бүгулі ұсталады.



“Құс қанаты” деп аталады. Екі қолын екі жаққа жая, шынтағы сәл бүгулі, алақанын төмен қаратып, саусақтарын бос ұстайды.



“Қос мүйіз” деп аталады. Екі қолын басынан асыра көтеріп, ортаңғы саусағын ба киіміне тигізеді, екі шынтағын бүгеді.



“Сәукеле” деп аталады. Сәукеле- қыздар үшін, ат үстінде- ерлер үшін. Оң қолын жоғары асыра басына көтеріп, сол қолын шынтақтан бүгіп көкірек тұсына иеді.



“Сыңар мүйіз” деп аталады. Оң қолын жоғары көтеріп, сол қолын солға созады. Алақаны ашық болады.



“Белбеу” деп аталады (ерлер үшін). Екі қолын шынтақтан бүгіп, белдіктен ұстайды.

Аяқтың қазақ биі үстінде байқалатын алты түрі бар:



Табан жүріс. Екі аяқтың көмегімен еденді алма- кезек нық басып жүру.



Өкше жүріс. Екі аяқтың өкшесімен кезек басып жүру. Екі аяқтың ұшымен кезек басып жүру.



Қос табан. Оң аяқпен алға екі табан басу, сол аяқ оң аяқтың артынан ілеседі. Дәл осыны керісінше қайталайды.





Тоқылдақ. Екі аяқтың табанымен еденді кезек- кезек тебеді. Сырғанақ тоқылдақ оң аяқпен еденді бір теуіп алға сырғанайды да, сол аяқпен қайталайды.



Секіртпе. Екі аяқпен алма- кезек секіреді. Қос аяқпен бір мезгілде секіреді, бір аяқпен секіреді.



Айналма. Бір аяқтың ұшымен айналады. Айналма шеңбер жасайды. Ұршықтай шыр айналады



Қорыта келгенде, Елбасымыз «Рухани жаңғыру» мақаласында айтылған үш басты негізге сүйенсек, біріншіден, біздің ұрпағымыз денсаулығы да, рухы да мықты ұрпақ болуы қажет, екіншіден, өз ісіне аса жауапты, білімді, бәскеге қабілетті, үшіншіден, өз Отанын, елін сүйетін, ана тілін, ата салт-дәстүрін, ұлттық өнерін құрметтейтін рухани бай ұрпақ болуға тиіс. Ұлттық биіміздің оқушыларға тәрбие беруде мәні зор болмақ. Сол себепті ұрпағымыз салт-дәстүрін де ұмытпай оны қадірлеуге үйрету үшін де және сабақта шет тілдеріндегі мультимедиялық сюжеттерді пайдаланбай-ақ, ұлттық құндылықтарымызды дарыта отырып, осынау тарихы тереңде жатқан өз ұлтымыздың ұлттық билерін сергіту сәтіне пайдалансақ деген ниетім бар. Бұл жас ұрпақтың мектеп қабырғасынан бастап бала шақтан болашаққа бастар жолының ұлттық құндылықтарын арттырудың бір көрінісі.